

Медерова Д.
**Құлпытас бетіндегі жоқтау
сарыны: Батыс Қазақстан
облысы материалдары
бойынша**

Мақалада құлпытас бетіндегі жоқтау сарынына жан-жақты талдау жасалған. Ел ауызында сақталып келген, бұрын-соңды хатқа түскен жоқтаулардың үлгілеріне, мазмұнына тоқталсақ, қайғы-мұң, шермен қатар белгілі бір тарихи тұлға немесе қайтыс болған адамның кім екені, тегі, руы, қоғамда атқарған қызметі, көрсеткен ерлік істері жайлы деректер өте қысқа түрде болса да баяндалғанын байқаймыз. Ал құлпытас бетінде сақталған мәтіндер қысқа әрі ықшамды болғанына қарамастан олардың деректемелік маңызы аса зор. Олардың басты ерекшелігі халықтың рухани және материалдық мәдениеті туралы мол мағлұмат береді. Тарихи тұлғаға арналған әрбір эпитафияда есімдер, теңеулерде кездескен қайраткерлік дәрежесіне қарай титулдар, марқұмның нақты өлген күні туралы маңызды мағлұматтар сақталып қалған. Эпиграфиялық ескерткіштердің аса құндылығы мен шынайылығы сонда, алғашқы мәтіннің қолжазба нұсқасына қарағанда тасқа қашалған мәтіннің өзгеруі екіталай. Автор құлпытаста жазылған жоқтау мәтіндерінде діни тұжырымға, ең алдымен Құранның, хадистерден, мұсылман данышпандарының даналығынан туындаған мінез-құлық қағидаларына үйрететін тәрбиелік мәнге толы нақыл сөздерге негізделген терең логикалық ұғым жатқанына ерекше назар аударған.

Түйін сөздер: құлпытас, эпиграфия, дереккөз, жоқтау, мәрсия (жерлеу жоқтауы), салт-дәстүр.

Mederova D.
**Motives of qulpitas
(gravestones) epitaphs (based on
the monuments of
West-Kazakhstan region)**

The article gives a detailed analysis of the motives of gravestone (qulpitas) epitaphs, based on the monuments of West-Kazakhstan region. Traditional funeral elegy when fixing at Qulpytas have been converted from full-scale oral-song genre in writing concise form, despite the compactness they also transferred sorrow and grief for the deceased, stored information of the person, who and what he was, about his origin, about his role into the community, about his heroic deeds. Despite the short and concise text, epitaphs has are of very great significance. Their main feature is that they give an idea of the spiritual and material culture of the peoples. Each epitaph dedicated to historical person, keeps the important information about the names, titles, assessment activities, as reflected in the epithet, the exact date of death of the deceased. Uniqueness and authenticity of epigraphic monuments is that the changes in the text, carved in stone, unlike than the manuscript variants of the original text.

Much attention is given to the deep content of epitaphs, based on religious concepts, primarily from the verses of the Qur'an, Hadith, the moralism of the Muslim sages recorded in the texts of funeral songs.

Key words: qulpitas, epigraphy, source, funeral song, folk tradition.

Медерова Д.
**Мотивы погребального плача
на кулпытасах (по материалам
Западно-Казакстанской
области)**

В статье рассмотрены мотивы эпитафии на надмогильных стеллах (құлпытас) Западно-Казакстанского региона. Традиционный погребальный плач при фиксации на кулпытасах был преобразован из развернутого устно-песенного жанра в письменную сжатую форму. Несмотря на сжатость, в них также передаются печаль и горе по усопшему, сохранены сведения личности усопшего, кем и каким он был, о его происхождении, о роли в обществе, о его героических поступках. Несмотря на короткий и лаконичный текст эпитафий на надгробных камнях, их источниковая значимость очень велика. Главная их особенность состоит в том, что они дают представление о духовной и материальной культуре народов. Каждая эпитафия, посвященная историческому лицу, хранит в себе важные сведения об именах, титулах, оценке деятельности, отраженную в эпитетах, точные даты смерти усопшего. Уникальность и достоверность эпиграфических памятников состоит в том, что изменения в тексте, выбитом на камне, маловероятны в отличии от рукописных вариантов первоначального текста.

Автор уделил особое внимание глубокому содержанию текстов эпитафии, основанных на религиозных понятиях, прежде всего из аятов Корана, хадисы, изречений мусульманских мудрецов, зафиксированных в текстах погребальных песен.

Ключевые слова: кулпытас, эпиграфия, источник, марсия (погребальные песни), народная традиция.

**ҚҰЛПЫТАС
БЕТІНДЕГІ ЖОҚТАУ
САРЫНЫ: БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
МАТЕРИАЛДАРЫ
БОЙЫНША**

Жоқтау – халқымыздың ауыз әдебиетінің көнеден келе жатқан әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларына жататын жанрларының бірі екені бәрімізге аян. Тұрмыс-салт жырларын зерттеген фольклортанушы ғалымдарымыздың жоқтауға қатысты айтылған тұжырымына көз жүгіртейік: «Жоқтау өлеңдерінің ертеден келе жатқан нұсқалары өте көп. Бірақ олардың алғашқы үлгілері қай ғасырда туғандығын дәлелдеп айту қиын. Ел арасында сақталып, біздің заманымызға жеткен жоқтау өлеңдерінің мазмұнына қарағанда олардың бір мезгілде туып, бірден қалыптаса қоймағанын байқауға болады және халықтың әр кезеңдегі тарихи даму процесіндегі әртүрлі көзқарасын, наным-сенімін жинай жүргендігі де көрінеді. Сондай-ақ жоқтау өлеңдерінің кейбір түрлері ұсақ түрде болып келсе, екінші біреулерінің мол сюжетке құрылып, ұзақ айтылатын дастан көлеміне жеткендігін байқаймыз. Мұның бәрі – жоқтаулардың ұсақ өлеңдерден басталып, көлемді поэмаға дейін көтерілуі үлкен даму, қалыптасу процесінде болғандығын және ол талай ғасырмен бірге жасасқандығын аңғартады. Алғашқы нұсқалары қай ғасырда туғандығы белгісіз болса да, жоқтау өлеңдері бертін келе халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі салтынан елеулі орын алған» [1, 90]. Бұл пікірге толықтай қосыла отырып, талай ғасырлардан келе жатқан жоқтау өлеңдерден түрлі деректер алуға болатына да көз жеткіземіз.

Ел ауызында сақталып келген, бұрын-соңды хатқа түскен жоқтаулардың үлгілеріне, мазмұнына тоқталсақ, қайғы-мұң, шермен қатар белгілі бір тарихи тұлға немесе қайтыс болған адамның кім екені, тегі, руы, қоғамда атқарған қызметі, көрсеткен ерлік істері жайлы деректер өте қысқа түрде болса да баяндалғанын байқаймыз. Мысал келтіре кетейік, Үмбетей жыраудың «Бөгембай өліміне» айтқан жырында:

Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгембай!
Баянауыл, Қызылтау
Абыралы, Шыңғыстау
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ
Арасы толған көп қалмақ,
Қалмақты қуып қашырдың.
Қара Ертістен өткізіп,

Алтай тауға асырдың,
Ақ Шәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жидырып алдырдың.
Қалмаққа ойран салдырдың.
Қабанбай мен Бөгембай,
Арғын менен найманға
Қоныс қылып қалдырдың! [2, 28] –

деп XVIII ғасырда қалмақ, жоңғар шапқыншылығында ел мен жерді жаудан қорғаған Бөгембай батырдың ерлік істері баяндалады.

Жоқтау өлеңдерінің тасқа басылған үлгілері жайлы сөз еткенде ең алдымен, көне түркі жазба ескерткіштеріне айырықша тоқталып өткен жөн. Бұл тас бетіндегі жазулар жалпы түркі тектес халықтардың баға жетпес мұрасы. Күлтегін (648–731) – Қапаған мен Білге қаған дәуіріндегі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, қой жылы ақпан айының 27-сі күні 47 жасында дүние салған. Күлтегін жазуларында мазмұны мен түрі жағынан халқымыздың жоқтау өлеңдеріне ұқсас аза тұтқан, қайғы-мұңға толы жолдарды кездестіреміз. Мысалы:

Інім Күлтегін қаза болды,...
... Өзім қайғырдым.
Тағдырды тәңірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі туған.
Қайғырғаным сонша,
Көзге ыстық жас келер,
Көңілге ауыр шер келер,
Тағы да ойландым,
Қатты қайғырдым [3, 24].

Мұндай тасқа жазылған жоқтауға ұқсас өлең жолдарын бүгінгі таңда құлпытастардан да кездестіреміз.

Эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуші өзбек ғалым Б.Б. Аминов «Мауереннахр жерлеу эпиграфикасындағы мәрсийа» атты еңбегінде: «*مرثیة* (*марсийа, марсийат, риса*) – араб тіліндегі мағынасы «жерлеу жоқтауы» немесе «жерлеу өлеңі». Шығу тегі араб-ислам немесе көне семит дәстүрінің түп негізінде жатыр, кейбір нұсқаларының пайда болуы көне Ираннан бастау алады. Бұл жанрдың пайда болуын шииттер дәстүрі бойынша Хусейн имамды дұшпандарының өлтіруімен байланыстырады, яғни «Кербелада орын алған қайғылы оқиға негізінде туындаған жанр» деп марсийа жанрының шығу төркініне тоқтала келіп, «Мәрсийа – ортағасырлық мұсылман поэзиясындағы ерекше жанр, рухани түрдегі лирикалық жоқтау элегиясы, жанұядағы бір кісінің, қоғамдағы немесе мемлекеттегі құрметті қайраткердің, иә болмаса сыйлы тұлғаның өмірден өткеніне орай қайғы-қасіретті терең сезімді

білдірудің тәсілі» деп марсийа жанрының терең мағынасын ашып көрсетеді. Мауереннахрдағы эпиграфикалық ескерткіштердің кімге арнап қойылғанын, орналасқан жерін, ондағы жазулардың мән-мағынасын, каллиграфиялық жазу үлгілерін және т.б. жан-жақты зерттей келіп, автор «Ескерткіш орналасқан аймақтағы тілдің даму жолдарын сипаттауда, сауаттылықтың дәрежесін анықтауда ең сенімді нәрсе ол – мәрсийа. ...Жерлеу өлеңдерінің мәтіндерін талдау арқылы мәрсийаларда діни тұжырымға, ең алдымен Құраннан, хадистерден, мұсылман данышпандарының даналығынан туындаған мінез-құлық қағидаларын үйрететін нақыл сөздерге негізделген терең логикалық ұғым жатқанын көреміз. Ұйқасты жерлеу өлеңінің негізі ол – өлім және өлімге байланысты ұғымдар, сондай-ақ өлген адамның дәрежесін мадақтау. ...Мұсылман әлемінде, әсіресе мұсылмандық діни ілімнің жоғары дәрежеге көтерілген аймақтарда мәрсийа зор маңызға ие» – деп тұжырымдайды [4, 38-62].

Бүгінгі таңда Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты «Қазақ халқының мәдени ескерткіштері рухани мұраны сақтау мен жеткізудің жолы ретінде (Батыс Қазақстан облысының эпиграфикалық ескерткіштері негізінде)» атты ғылыми жоба аясында Батыс Қазақстан облысындағы эпиграфикалық ескерткіштерге жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде [5, 224-236; 6]. Құлпытастар қарапайым адамдардың да, белгілі тұлғалардың да – хандар, батырлар, ақындар мен қасиетті деп саналған діни қайраткерлердің де зираттарына тұрғызылған. Құлпытас бетінде сақталған мәтіндер қысқа әрі ықшамды болғанына қарамастан олардың деректемелік маңызы аса зор. Олардың басты ерекшелігі халықтың рухани және материалдық мәдениеті туралы мол мағлұмат береді. Тарихи тұлғаға арналған әрбір эпитафияда есімдер, тенеулерде кездескен қайраткерлік дәрежесіне қарай титулдар, марқұмның нақты өлген күні туралы маңызды мағлұматтар сақталып қалған. Эпиграфиялық ескерткіштердің аса құндылығы мен шынайылығы сонда, алғашқы мәтіннің қолжазба нұсқасына қарағанда тасқа қашалған мәтіннің өзгеруі екіталай. Осы өңірдегі құлпытастардағы түрі мен мазмұны мәрсийаға үндес жоқтау немесе жерлеу өлеңдеріне тоқталайық.

1. Бөкейордасы ауданы, Хан зираты қорымындағы Жәңгір хан Бөкейханұлы құлпытасындағы: «*Жиырма жыл сүріп хандық жаһанда, өтіпті өмірі оның бұл хаманда, Қалған әулет-*

теріне Хақ-Тағала! Бұл дүниеде ешбір адам қалмас, Болса да – хан, болса да – сұлтан, дәруиш» [5, 235] – деген жолдарға назар аударайық (1-сурет).



يکرمی یل شروب خانلق جھانده
اوتبدور عمری انک بل هانده
قالان اولادلرني حق تعالی
بو دنیا هیچ ده ادم قالمز ایرمش
کران خان کران سلطان درویش

1-сурет. Бөкейордасы ауданы, Хан зираты қорымындағы Жәңгір хан Бөкейханұлы құлпытасындағы жерлеу өлеңі

Бұл жерлеу өлеңі Жәңгір хан Бөкейханұлына (1801–1845) арналған, ол Бөкей ордасының 1821/23–1845 жж. ханы болған. Өз заманында Жәңгір ханның жиырма жыл хандық құрғаны туралы мадақтап мәлімет бере отырып, хан, сұлтан болсын, қара болсын, дәруіш болсын, дара туған данышпан болсын, ешбір адамның бұл өмірде мәңгі өмір сүрмейтіндігі терең философиялық оймен қорытылған.

2. Осы Хан зираты қорымындағы Шынәлі сұлтан қызы Ермекжан ханымға қойылған құлпытаста (2-сурет) жазылған жерлеу өлеңіне тоқталайық. Құлпытастың а) бетінде жазудың түсінігін зерттеуші М. Жахатов былай деп берген: «Бұл қабірдің иесі марқұм осы орынға жерленген кіші жүз қазақ жұртының ханы Әбілхайырұлы Нұралы хан ұлы Орман сұлтан ұлы Шынәлі сұлтанның қызы Ермекжан ханым сұлтан Сейіткерей Жәңгірханұлының әйелі 31 жасында 1850 жылы 1-әсегінде қайтыс болды. Қабірің жарық, жаның жәннатта болсын» [6, 17]. Мұнан құлпытастың кімге арнап қойылғаны, қанша жасында, қай жылы қайтыс болғаны туралы мол мәлімет аламыз.

Құлпытастың б) бетіндегі жоқтау өлеңі:

Асад ақырында, ал-Хамд Алла!
Жер бетіндегінің бәрі фәни!

[Еді ол] Әбу-л-Қайыр немере.
Дүниенің есігі еді ол ер
Үлкен азап өтті әулетке
Бір ұл, бір қызбенен болды ол шад
Болып еді қызының есімі Ермек
Асыл есімі Сипай еді, көрмек
Бұ қыз өсіп кәмелетке толды
Хазан ерді ке [өкінішке толтырып] ғұмыры гүлі солды
Күллі сарылғач [қайғырып] фариғ [алыс] қалды-ау бағлар
Екі фарзанат қалып олар жылар
Кеше күндіз ана деп [еді], айтып «Ах!»
Бұ дүние әуелі шад, ақыры «Уах!»
Барадары бұның Сұлтан Жахан
Дұға үшін бұ марқадты [тамды] қойды ол¹.

Бұл жоқтау немесе жерлеу өлеңі құлпытастың әйел адамға қойылғаны, есімі – Ермекжан, соңынан анасынан айырылған екі перзентінің қайғырып қалғаны туралы мәлімет береді. Өлеңді шығарушы өмірдің ағымын қуаныш, шаттық, оның ақыры өкініш екенін айтып, әйел адамның ғұмырын гүлге, гүлдің солғанын адамның өмірден өткеніне теңеп философиялық оймен тұжырымдаған. Өлең жолдары өкінішке, қайғы-мұңға толы.

¹ Мәтінді оқып, араб жазуынан кирилл қарпінен түсірген тарих ғылымдарының кандидаты А.Ш. Нұрманова.



هذا المرقد المرحومه المدفونه
كجى يوز قزاق يورطى نك خاتى
ابو الخير اوغلى نورعلى خان اوغلى
اورمان سلطان اوغلى جينعلى سلطان
قزى ايرميكجان خانم سلطان سيد
كراى جهان كير خان اوغلنك
زوجه سى وفات ۳۱ ياشنده . ۱۸۵۰
نجى يل اسد آخرنده الحام الله
... قبرها جعل الحق ...

كئل من عليها فان
... ابو الخير نيره
دار دونيا لى ايردى اول ايره
ولكن ازاب و اتدسر كه اولاد
بر اوغل بر قز يله اولدى .. ل شاد
بولوب يردى قزينه اسم ايرمك
اصل ايسمى سپاى ايدى كورمك
بو قز اوسوب كمالاتغه طولدى
حزان ايردى كه عمرى گلى صولدى
كلى صرلغاج فارغ قالدى و باغلار
ايكى فرزنان قلوب انلار كه يغلار
كيچه كوندز انا ديو ايدوب اه
بو دونيا اولى شاد اخرى واه
برادارى بونك سلطان جهان
دعا اوچون بو مرقدنى قويدى اول
كاتبى عبد الوهاب بن ملا
جلال الدين الحايير

2-сурет. Бөкейордасы ауданы, Хан зираты қорымындағы Шынәлі сұлтан қызы Ермеқжан ханымға қойылған құлпытас

3. Шыңғырлау ауылдық округі, Үлгілі ауылынан шығысқа қарай 5-6 шақырым жердегі Моласай қорымындағы Жоламан Елікбай баласына қойылған құлпытастағы мына жерлеу өлеңі немесе элегиясына назар салайық (3-сурет):

«Тәнде жаным неше күн мейман екенді білмедім,
Өтті ғұмырым, бәрісі дәурен екенді білмедім»².

² Мәтінді оқып, араб жазуынан кирилл қарпінен түсірген тарих ғылымдарының кандидаты А.Ш. Нұрманова.

Бұл ұйқасты лирикалық жолдарда көпті көрген дананың өмірден көрген-білгендерін түйіндеп, жастарға уақытыңды бос өткізбе, мәнді-мағыналы ғұмыр кеш деп ақыл-кеңес беріп тұрғандай.

4. Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, «Жидебай» Абайдың музей-үйі Республикалық әдеби-мемориалдық музейінің филиалында сақталған Оспан Құнанбайұлы құлпытасында (4-сурет): «Байлық, бағлан-балуандық, бақ, ақылы

мырзалықпен сүрген бай, бек, һәммасы бірдей келген, сұлтандар, көп камилдер (ұлылар) болған. Дүние бұлардан да өтіп кетті, бұлардан бахар алсын, көрсін мумин»³ – деп жазылған жерлеу өлеңнің де тәрбиелік мәні зор. Байлық, дәулетпен өмір сүрсін бай, бек, сұлтандар, ұлылар өлім алдында адамдардың баршасы бірдей. Бұл өмірден пайғамбардан бастап, қаншама сақабалардың, әулиелердің, хан-сұлтандар мен би-бағланның, батырлар мен ғұламалардың өткенін тізіп, тұмақ бар жерде өлмек хақ екендігін аңғартады. Баршамызға өткен өмірдің өзі үлгі болсын деп

³ 2013 жылы Шығыс Қазақстан облысына өткізген экспедиция (Мунинов Ә.К., Нұрманова А.Ш.) барысында суретке түсірілген. Мәтінді оқып, араб жазуынан кирилл қарпінен түсірген тарих ғылымдарының кандидаты А.Ш. Нұрманова.

нақыл сөздермен ақыл-кеңес беріп тұрғандай терең логикалық ұғым жатқанын көреміз.

Жоғарыда берілген жоқтау немесе жерлеу жоқтауы, жерлеу өлеңі элегия түрінде болады. Элегияға арнайы тоқталсақ, өлеңдік ұйқаспен жазылатын, айтылатын, өлімге, махаббатқа, соғысқа қарата автордың қайғылы түрде терең сезіммен еске алуын білдіретін лирикалық өлең-жырлар. Мұндай өлеңдерге жақын туыстарының, достарының қайтыс болған адамға арнап қайғылы түрде айтатын жоқтаулары, елдік-ұлттық трагедияны айтатын мұңлы өлеңдер, адамның немесе адамзаттың басына келген қайғы, қазаларды айыптап айтатын қасірет өлеңдері де кіреді. Бұл өлең түрі ежелгі халықтардың бәрінде дерлік – ғұндарда, түрік халықтарында да, грек-римдіктерде, қытайларда да болған.



تندە جامن نجه كون ممان ايكاندی بلماوم
اوتقى عمرم بارسى دوران ايكاندی بلماوم

3-сурет. Шыңғырлау ауылдық округі, Үлгілі ауылынан шығысқа қарай 5-6 шақырым жердегі Моласай қорымындағы Жоламан Елікбай баласына қойылған құлпытастағы жерлеу өлеңі

Жалпы жоқтауды орақ тілді, аузы дуалы адамдардың шығарып беретіні, оны елге ақын-жыраулардың жеткізетіні мәлім жағдай. Қазақтың азалау фольклорын зерттеген ғалым К. Исләмжанұлының «жоқтау жанрының әлеуметтік жүгі, қоғамдық маңызы аса жоғары болған. Жоқтау қоғамдық тұрғыдан

алғанда елінің еріне сөзден соққан ескерткіші. ...жоқтауды шығарушы көшпелі қоғамның жылнамашысы, тарихшысы, шежірешісі, ақылманы, бүгінгі тілмен айтқанда идеология болып табылатын ақын-жыраулар болса, жоқтаудың мазмұн-мәні одан сайын арта түспек. Сондықтан жоқтау қазақ халық поэзия-

сындағы аса арналы жанрлық түр» [7, 218-219] деген пікірі құптарлық. Ал құлпытас бетіндегі жоқтау сарындарынан діни тұжырымға, ең алдымен Құраннан, хадистерден, мұсылман

данышпандарының даналығынан туындаған мінез-құлық қағидаларын үйрететін тәрбиелік мәнге толы нақыл сөздерге негізделген терең логикалық ұғым жатқанын көреміз.



4-сурет. Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, «Жидебай» Абайдың музей-үйі Республикалық әдеби-мемориалдық музейінің филиалында сақталған Оспан Құнанбайұлының құлпытасы

Батыс Қазақстан облысындағы эпитафиялық ескерткіштердегі жерлеу жоқтауларының мәтінін талдай келіп, оны шығарушылардың жан-жақты білімді, діни сауатты адамдар болғанын аңғарамыз.

Қорыта келгенде, өлімге қатысты өлікті арулау, артын күту, аза тұту әдет-ғұ-

рыптармен қатар жүретін арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау, әсіресе жоқтау, жерлеу салттары халқымыздың этно-мәдени дәстүрінің бір үлкен саласы болып табылады. Халықтық салт-дәстүрді біліп өскен жастарда жат ұғымдарға, жат ағымдарға бой алдырмайтын сана қалыптасады.

Әббнеттер

- 1 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2014. – Т. 24: Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – 408 бет.
- 2 Боздағым (қазақтың жоқтау жырлары) / Құраст. Т. Арынов – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 бет.
- 3 Ежелгі дәуір әдебиеті (құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А. Қыраубаева). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
- 4 Аминов Б.Б. Марсийа в погребальной эпитафике Мавераннахра // Вопросы эпитафики. Выпуск 4 [Сб. Ст.] / Университет Дмитрия Пожарского / отв. ред. А.Г. Авдеев. – М.: Русский Фонд Содействия Образованию и Науке, 2010. – 480 с. + илл.
- 5 Муминов А.К., Нурманова А.Ш., Медерова Д.Е. Эпитафические памятники Западно-Казахстанской области как источник по общественно-политической и духовной истории Казахстана. // Қазақстан және Орталық Азия халықтарының материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу мәселелері: топонимика, эпитафика, өнер: халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы: «EVO PRESS» баспасы, 2014. – 292 б. + 32 б. – С. 224-236.
- 6 Жахатов М. Құлпытастар сөйлейді / Мұратбек Жахатов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 342 б.
- 7 Құлпытас сырын ашайық. – Орал: ЖК «Adil Parasat», 2014. – 84 б.
- 8 Кенжехан Ісләмжанұлы (Матыжанов). Қазақтың отбасы фольклоры: монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 бет.

References

- 1 Klassikalıyq zertteuler: Kop tomdyq. – Almaty: «Adebiyet alemi». 2014. T. 24: Ghabdullin M. Qazaq khalqynyn auyz adebiyeti. – 408 bet.
- 2 Bozdaghym (qazaqtyn zhoqtau zhyrlary). Qurast. T. Arynov – Almaty: Zhazushy. 1990. – 304 bet.
- 3 Ezhelgi dauir adebiyeti (Qurastyrghan zhane umirbayandyq derkterdi zhazghan A. Qyraubayeva). – Almaty: Ana tili. 1991. – 280 b.

- 4 Aminov B.B. Marsiya v pogrebalnoy epigrafike Maverannakhra // Voprosy epigrafiki. Vypusk 4 [Cb. St.] / Universitet Dmitriya Pozharskogo / Otv. red. A.G. Avdeyev. – Moskva: Russkiy Fond Sodeystviya Obrazovaniyu i Nauke. 2010. – 480 s. + ill.
- 5 Muminov A.K., Nurmanova A.Sh., Mederova D.E. Epigraficheskiye pamyatniki Zapadno-Kazakhstanskoy oblasti kak istochnik po obshchestvenno-politicheskoy i dukhovnoy istorii Kazakhstana. // Qazaqstan zhane Ortalyq Aziya qalyqtarynyn materialdyq emes madeni muralaryn zertteu maseleleri: toponimika, epigrafika, oner. Khalyqaralyq ghylymi konferentsiya materialdarynyn zhinaghy. – Almaty: «EVO PRESS» baspasy. 2014. – 292 b. + 32 b. – cc. 224-236.
- 6 Zhakhatov M. Qulpytastar soileidy / Muatbek Zhakhatov. – Almaty: «Арыс» baspasa, 2015. – 342.
- 7 Qulpytas syryn ashayyq. – Oral: ZhK «Adil Parasat». 2014. – 84 b.
- 8 Kenzhekhan Islamzhanuly (Matyzhanov). Qazaqtyn otbasy folklori. Monografiya. – Almaty: «Arys» baspasy. 2007. – 332 bet.